## Ы. Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Өмірдің ұлы тәлімгері» атты әдеби-шығармашылық кеші туралы ақпарат

---

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесі аясында 2021 жылдың 13 қазанында орыс тілі және мәдениеті кафедрасында қазақтың ұлы ағартушысы, қазіргі қазақ жазуының негізін қалаушылардың бірі Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай әдеби-шығармашылық кеші өтті.

Іс-шараның мақсаты студенттердің ұлы ағартушының қызметі мен шығармашылығына деген қызығушылығын арттыру, сондай-ақ жағымды эмоциялар тудыруға, патриоттық сезімдерді арттыруға, өзара сыйластыққа, толеранттылыққа тәрбиелеуге, тұлғааралық қарым-қатынас деңгейін арттыруға, азаматтық ұстанымды тәрбиелеуге, өзін-өзі тануға ықпал ету болды.

Іс-шара барысында кездесу қатысушыларына Ы.Алтынсаринге арналған бейнефильм ұсынылды, ол қатысушыларды ұлы педагог өмірбаянының маңызды фактілерімен таныстырды. Сондай-ақ, іс-шара қатысушылары Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығымен танысып, оның білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесін талқылады.




ВЕЛИКИЙ НАСТАВНИК ЖИЗНИ
Литературно творческий вечер,
посвященный 180-летию Ыбырая Алтынсарина